| | "Ас атасы — нан" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың еркін диалог құруға мүмкіндік беру, нан туралы суреттер бойынша әңгіме құрасты<br>Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.уға ынталандыру. | Нан туралы тыйым сөздер, нақыл сөздер айту.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,<br>ынталандыру.<br>1. Нанды шашуға, жерге тастауға, аяқпен басуға, рәсуа етуге, онымен ойнауға болмайды. Нан - негізгі ас, онсыз өмір жоқ. Ең алдымен, дастарханға нан қойылады.<br>2. Жерде жатқан нанды | Нан туралы мақал-мәтелдер жаттау.<br>Шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету,<br>1. Ас атасы — нан.<br>2. Нан— тамақтың атасы, Ынтымақ — көптің батасы.<br>3. Нан бар жерде ән бар,<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | "Астық өсірушіге жұмыс істеу үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ауылшаруашылық технологиясы, астық өсірушінің құралдары туралы білімдерін бекіту, визуалды қабылдауын, зейінін, еске сақтауын дамыту.<br>Барысы. Балалар | «Қаржылық сауаттылық».<br>"Тауар мен қызмет" тақырыбына әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Балаларды тауарлар мен қызметтердің айырмашылығын, олардың қоғамдағы рөлін түсінуге бағыттау.<br>Мысалы, оларды дүкенге алып барып, сатып алу процесіне қатыстыру, тауардың бағасын түсінуге мүмкіндік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары көтеріп, адам баспайтын жерге қою керек.<br>3. Нанды төңкеріп қоюға болмайды.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | | ауылшаруашылық техникалары мен астық өсірушінің құралдары бейнеленген суреттерді таңдайды. | |
| **Кестеге сәйкес ҮІҒ** | Сауат ашу негіздері<br>"[и] дыбысын қайталау"<br>Мақсат-міндеттері: [и] дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйретуді пысықтау.<br>Қазақ тілі<br>"Ү, ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)."<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды [ұ], [ү] дыбыстарымен, Ұ ұ және Ү ү әріптерімен таныстыру. Ұ және Ү әріптерін ауада жазып көрсету. [ұ], [ү] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естуді, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. Ұ және Ү дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. [ұ], [ү] дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді | Сауат ашу негіздері<br>"[р] дыбысын таныстыру".<br>Мақсат-міндеттері. Айтылу ерекшелігіне байланысты [р] дыбысының даусесіз дыбыс екенін балалардың өздеріне анықтату.<br>Математика негіздері<br>"Нанның артығы болмайды"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың он саны көлемінде тура және кері санай білу қабілетін арттыру; ұзындығы бес түрлі жолдардың ұзындығын, бір-біріне беттестіру, бір-бірінің тұсына қою және логикалық ойлау амалдары арқылы салыстыру дағдыларын жетілдіру. Логикалық есептерде өтілген сандардың жиындарын екі ең кіші элементтерден немесе бірліктерден құрылатыны туралы түсініктерін пысықтау; қағаз бетін бағдарлау қабілетін ұштау.<br>Музыка<br>"Күй тыңдайық, балақай!"<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың күйді тыңдай отырып, оның сыр-сипатын | Математика негіздері<br>"Нанның артығы болмайды (Бекіту)"<br>Мақсат-міндеттері. Он көлемінде тура және кері санау дағдыларын бекіту. Заттар тобын, санын қабаттастыру, беттестіру, сонымен бірге ұзындығы әртүрлі бес жолақты салыстырғанда логикалық ойлауды қолдану арқылы салыстыру біліктерін жетілдіру; ең кіші екі элемент сандарының құрамы бойынша тапсырмаларды орындауға ынталандыру; қағаз бетін бағдарлау білігін бекіту; нанның қадірін түсінуге, адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Қазақ тілі<br>"Біз дән егеміз". Үн өнімдері. Ыдыс.<br>Мақсат-міндеттері. Нан, үн өнімдері туралы толық түсінік беру; нан туралы өлеңмен таныстыру; нанға құрметпен қарау керектігін мысалдармен түсіндіру; нан туралы идеялар мен мақал-мәтелдерді нақтылау; | Математика негіздері<br>"Нан өнімдерінің көресі"<br>Балалардың жылдам санай білу қабілетін арттыру; цифрларды тануды және ажыратуды жетілдіру. Нанды дайындау жолы жайлы түсініктерін пысықтау; қағаз бетінде бағдарлай білу қабілеттерін ұштау; зейін, қабылдау, көру, еске сақтау қабілеттерін дамыту; нанның құндылығын түсінуге, адамгершілікке, жанашырлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.<br>Тіл дамыту<br>"Нан қайдан келеді?"<br>Мақсат-міндеттері. Нан - адамның күш-қуаты деген ұғымды түсіндіру, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беру, нанның қайдан келетінін түсіндіру; балалардың ойлау және шапшаң болу қабілеттерін дамыту.<br>Музыка<br>"Көкек".<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың көкек туралы әуенді қабылдауға қабілетін | Сауат ашу негіздері<br>"[р] дыбысын қайталау".<br>Мақсат-міндеттері. [Р] дыбысын жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде анық айтуға машықтандыру.<br>Жапсыру<br>"Нан - дастарқан байлығы".<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыны шеңбер етіп қию, тіктөртбұрыштардан жолақ қию арқылы нанның суретін тәрелкеге жапсыруды үйрету.<br>Дене тәрбиесі<br>"Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен бірге, бар парменімен секіруді, аяқтың ұшымен түсуді, қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін сақтауды үйрету.<br>Көркем әдебиет<br>А. Сарбөпин «Бір қап бидай».<br>Мақсат-міндеттері. Әңгімені оқу, мазмұндауды үйрету. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге үйрету. Балалардың әңгіме желісі арқылы еске сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады. Дене тәрбиесі "Пәрменмен секірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі қарқында жүру; педагогтің белгісімен тоқтау, қозғалыс бағытын өзгертіп жүру; допты қабырғаға ұрып, қос қолмен қағып алуды үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Алтын күз" Мақсат-міндеттер: табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу. | ажырата білу қабілетін арттыру. Тіл дамыту "Нан қайдан келеді?" Мақсат-міндеттері. Нан адамның күш қуаты деген мағынаны түсіндіре отырып, "Нан қайдан келеді?" ертегісін оқып беріп, наның қайдан шығатынын балаларға айту; әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу; шапшаңдық пен тапқырлықты дамыту. | балаларға суреттер бойынша сөз тіркестерін құрастыру негізінде өлеңнің мазмұнын еске сақтауға дағдыландыру; қонақтарға сыпайы түрде қоңырау шалу үлгілерін айту, «Нанға құрмет» тақырыбы бойынша үйлесімді сөйлеуді, түбірлі сөздердің байланысын түсіну қабілеттерін дамыту; сыпайылыққа, нанды құрметтеуге, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Дене тәрбиесі "Салт аттылар" Мақсат-міндеттері. Балаларда заттарды аттап өту; заттардың арасымен екі аяқты қосып (арақашықтығы 4 м) секіру. Көркем әдебиет Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең) Мақсат-міндеттері. Балаларды «Алтын дән» өлеңімен таныстыру; әдеби шығарманың мазмұнын, себеп-салдарлық байланыстарды түсініп, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуға ынталандыру; балалардың еңбекке қызығушылығын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуді үйрету. | арттыру; күйді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру Қоршаған әлеммен таныстыру "Нан - адамның күш-қуаты" Мақсат-міндеттері. Балаларға "нан - адамның күш-қуаты" ұғымын түсіндіру; наның дастарханға қандай еңбекпен келетінін туралы білімдерін жүйеге келтіру; балалардың ойлау және зияткерлік қабілеттерін дамыту. Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Мақсат-міндеттері:<br>- киімді дұрыс бүктеп жинауды, орнына ілуді, аяққиімді түзу қоюды әдетке айналдыру;<br>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру;<br>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяққиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу;<br>- ауа райына сай киінуді, киімді, аяққиімді таза ұстауға баулу;<br>- басқаларға көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу, зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.<br>Қандай істі бастасаң да,<br>Сәттілігі сенің қолында,<br>Себебі нәтижесі көрінеді<br>Тек істің соңында.<br><br>Істі бетпе-бетте<br>Ойланып ретте,<br>Шыдамды бол,<br>Аяқтамай кетпе. (Дина Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | Күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және өлі табиғат арасындағы себеп-салдарды түсінуге көмектесу; күннің оның өсімдіктер, ағаштар, жәндіктер және барлық тіршілік иелері үшін маңыздылығын бақылауды жалғастыру<br>Экологиялық міндет: күн сәулесінің адам мен өсімдіктердің тіршілігі үшін | Күннің биіктігін бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың өлі табиғат түрі, күн, туралы түсініктерді кеңейту; күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Қауіпсіздік. Күннің көзіне тура қарамауды ескеру, күнді карауда фотопленканы қолдануды ұсынуды ұйғару.<br>Ғафу Қайырбеков<br>«Көсілген көк астында | Торғай құсын бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер:<br>Қазақстан аумағын мекендейтін құстарды, торғайды және құстың өзіне тән белгілері бойынша ажыратуға ынталандыру, тіршілігі жайлы білімдерін тереңдету; сөздік қорларын молайту.<br>"Торғайдың әні".<br>Шыр-шыр еткен торғайды,<br>Қорғамасаң, болмайды.<br>Кіп-кішкене торғайлар | Күзгі теректі бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың тірі табиғат түрі, туған өлкенің өсімдігі, терек ағашы туралы білімдерін кеңейту; терек ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды: өсімдік жапырақтарының түсін түсіндіруге үйрету.<br>Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында | Өнегелі тәрбие. Қауіпсіздік. Аула сыпырушының еңбегін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br>Көркемсөз<br>А. Меңдібай "Аула тазалықшысы". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | құндылығын көрсету.<br>Көркемөнер<br>Алақай, алақай!<br>Күн шықты, күн шықты,<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>Жұмбақ<br>Жалғанда бір нәрсе бар аяқ қалты,<br>Үшады кешке дейін дамыл таппай... (Күн.)<br>Болжам. Кешке күн батыс жақ қызарып тұрса, ертеңінде күн ыстық болатынын білдіреді.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: күм жәшіктерін құммен толтыру.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың бойына еңбекке құштарлығын ояту.<br>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, | Қазақстан.<br>Сағатын данқын тағы тазалап ұшқан<br>Оянды кірпігімді желпіп өткен<br>«Миллиард!» «Миллиард!» деген зор даусыған.<br>Тағы да сен екенсің сермеп алыс,<br>Тараткан жер бетіне зор қуаныш.<br>- Балалар, бұл Ғафу Қайырбековтың әйгілі өлеңінен үзінді? Өлең не туралы?<br>- Күн неғұрлым жоғары болса, күн соғұрлым жылы әрі ұзақ болады. Күннің ыстығынан қар еріді, жер қызады және еріген дақтар пайда болады. Шөп өсе бастайды. Табиғатта тағы не болып жатыр? (Экологиялық байланыстар туралы сөнімді бекіту.) Күн қайдан шығады, күн қайда батады?<br>Зерттеу қызметі<br>Мақсат-міндеттері. Металл заттарға тиіп, күннің қай жерде көбірек жылынатынын анықтау.<br>Қандай түсті заттар тез қызады: қара ма, ақ па? Күнге ұзақ уақыт қарау үшін нені қолдану керек? (Қара көзілдірік.)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек: аула тазалаушыға аланды | Ағаштарды қорғайды.<br>Ж. Сымаков.<br>Торғайдың қимылдарын бақылап, құстың екі аяқпен секіретінді, аланның өзге жеріне секіріп, қанаттарымен бір-екі рет қағып, тез жете білетінді, ағаш бұтасына шыр етіп ұшып кететіні туралы әңгімелеу.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойын жабындысын жинау.<br>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын дамыту.<br>"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.<br>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.<br>Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша | қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, пайдасы туралы әңгімелеу, өсімдіктерге күтім жасауға баулу.<br>Тоғайда бір Терек тұрды,<br>Өзге ағаштан ерек тұрды.<br>Өйткені, ол биік тұрды,<br>Көкте бұлтқа тиіп тұрды.<br>(Адбрахман Асылбек)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен жапырақтарды үлеске еденінен жинау.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу; жұмыс істеу дағдыларын бекіту.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>«Айғолек» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында жылдамдықты, күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Айғолек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15- | Балабақша ауласында,<br>Көмектесем мен де оған,<br>Таң атқаннан кешке дейін.<br>Жинап қоқыс, қағаздарды.<br>Тынбай еңбек ететін<br>Құметтеймін, қадірлеймін,<br>Бар тазалық сақшысы.<br>Еңбексүйгіш адал жанды.<br>Ауланы да тазалайды,<br>Ағашты да бұтайды.<br>Су себеді гүлдерге де,<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Балаларға сұрақтар:<br>- Балалар, біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді?<br>- Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды?<br>- Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады?<br>- Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br>Аула сыпырушының балабақшада өзіндік орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сөндерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын өтеріп. Өткешекті қолғатпамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Тәрбиешінің нұсқау-бұйрықтарын тыңдауға дағдыландыру, ептілікке, шапшаңдыққа, алғырлыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойыншылар "қарақұс" пен "тауықты" санамақ арқылы таңдайды. Қалғандары "балапандар" болып ойынға қатысады. Олар "тауықтың" артына тізіліп (6-8 баладан) тұрады. Ойын алаңының бір шетінен қарақұстың "ұясы" сызылады. "Кім қапшаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: ой және сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту. Еркін ойын. "Күн түкі" | тәжірибеге қимектесу. Мақсат-міндеттері: Үлкендерге қимектесуге ұмтылысты дамыту. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеністікті бағдарлай білуге дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі құғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әркайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жүп құрайды. Құғыншы мен қашқын шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрі қарай қашуды жалғастырады. Егер | "шығалар" немесе "дыңғытар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. "Бақшадағы тауықтар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: орташа қарқындағы жүгіруде, жартылай отыруды және қанаттарын қаққан қозғалысты келтіруді жаттықтыру. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту. "Допты қақпаға түсіру" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Допты бір қатарға қойылған таяқтардың арасымен домалату, "қақпаға" допті өткізуді, дәлдікке, шапшаңдыққа баулу. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы | 20 метрдей жерде кол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне келек береді. Айғолек-ау айғолек, Айдың жүзі домғолек. Темірқазы дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Белден сізге кім керек." Тізбек үзілген жағдайда, шабушы ойыншы қарсыластардың бірін өз тізбегіне қосып алады. Тізбек үзілмесе, шабушы - қарсыластардың тізбегіне қосылады. "Түстерді тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеністікті бағдарлауға машықтандыру, ептілікке, епшілікке тәрбиелеу. "Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене | қоңыстарды тасу. Мақсат-міндеттері: Үлкендердің еңбегін бағалауға, қимек көрсетуге тәрбиелеу. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жаттарын жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу. Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының "Итөріскек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Ұлттық ойындарды ойнату, құштілікке, епшілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсіну үйрету. Қауіпсіздік ойын шартын қауіпсіз орындауға үйрету. «Допты ұста» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: екі қолмен допты қағып алуды жаттықтыру; зейінін, шапшаңдығын, көзбен мөлшерлеп-қимыл жасау үйлесімділігін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Жаттығу ойындары: "Келергілер арасынан жүгір." Мақсат-міндеттері: Затты құлаттай, келергілердің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру<br>Мақсат-міндеттері. Жүгіру қабілетін дамыту. | құғыншы қашқын балаға қолын тигізіп немесе түртіп үлгерсе, құғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды.<br>"Күн және планета" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Күннің айналасындағы планеталардың қозғалысы туралы білімдерін бекіту.<br>"Допты қуып жетіңдер!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға қызығушылықты арттыру. Балалардың доп ойындарына қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жетуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу.<br>Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді 2-3 балаға дейін атап | ойындар. дымқыл құммен ойындар<br>Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. | тәрбиесі)<br>Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру, шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері. далаға алып шығатын материалдармен ойындар<br>Мақсат-міндеттері Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрылыстарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті | арасынан ырғалдап жүгіруге жаттықтыру. дене тепе-теңдігін жетілдіру<br>Мақал-мәтелдер<br>Ердің атын еңбек шығарар<br>Еңбектің адамы тәтті, жалқаудың жаны тәтті<br>Еркін ойындар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шақыруға болады.<br>Жеке жұмыс: ұлындыққа секіру.<br>Мақсат-міндеттері. Секіру қабілетін, күші мен епділігін дамыту.<br>Еркін ойындар. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер:<br>- учаскеден шығар алдында аяққиім мен үсті-басын қағу;<br>- балабақшаға кірер алдында аяққиімнің табанын тазалау;<br>- ғимаратқа тыныш кіру, есікті тарсылдатпау;<br>- серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою;<br>Балалардың киімдерін ретпен шешу, шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыру дағдыларын жетілдіру.<br>Жеңді түру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту.<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Мақсат-міндеттері.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Нісірді анам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі,<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>(мәдени-гигиеналық | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сүйсе,<br>Қайтарамын қарымын. | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>(мәдени-гигиеналық | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нан кикымын шашпаңдар.<br>Жерде жатса баспаңдар<br>Теріп алып кастерлеп ,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | Гигиеналық дағдылар<br>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Үнемділік», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Ей, балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқша, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | | |
| **Күндізгі ұйқы** | «Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату (тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Айна» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет) | Релаксацияға арналған жаттығу "Менің көзім" Мақсат-міндеттері: Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау. | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) ководы үйрету<br>Аудио<br>Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» (музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) ководы үйретуді жалғастыру.<br>«Бақыт құсы» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>https://bilimkids.kz/media/video/h-e-yl-ty |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Велосипед жаттығуы. Аяқты кезек-кезек сермеу, аяқ пен қолды жоғары көтеру.<br>Майтабанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру.<br>Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру. дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту.<br>Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру". | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар).** | «Қаржылық сауаттылық». «Қымбат-арзан» дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері:<br>балаларға азық-түлік түрлері туралы түсінік беру; тауарды талдауға, арзан затты қымбат затқа қарай | «Қаржылық сауаттылық». Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, математика негіздері, қазақ тілі)<br>Ақша туралы бастапқы түсініктер:<br>-ақша белгілерімен таныстыру (монеталар, купюралар — олардың | "Бұл қандай зат? Немен ерекшеленеді?" зерттеу жаттығуы. (таным, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері:<br>Тандалған заттың атын, оның белгілерін байқап, қолданылуын (пайдасын, ерекшелігін) түсіну, қандай материалдардан жасалғанын, сапалары мен қасиетін | Дидактикалық ойын "Аталған дыбыстың сөз құрамындағы орнын тап"<br>Мақсат-міндеттері:<br>Баладағы фонематикалық есту қабілеттерін, зейін, ойлау, елестету қабілеттерін арттыру, кез келген сөздің дыбыстық құрамы кестесіне қарап, аталған дыбыстың орнын табуға жаттықтыру. | "Сақина" ағылшын қимылды ойыны.<br>Мақсат-міндеттері: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.<br>Құралдар: Баланың алақанына жасыруға ыңғайлы сақина.<br>Шарты: Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | (немесе керісінше) ретімен орналастыра отырып, арифметикалық әрекеттерді қолдануға үйрету.<br>Материал: азық-түлік өнімдері, монеталар бейнеленген карточкалар.<br>Барысы: 1- нұсқа. Балаларға карточкалар ұсынылады, олар азық-түлік өнімдерін өсу ретімен арзаннан қымбатқа қарай және керісінше орналастыруы қажет.<br>2-нұсқа. Балаларға азық-түлік өнімдері бейнеленген карточкалар беріледі, бағаны азық-түлікпен сәйкестендіру қажет.<br>Драматизациялық ойын.<br>Ө. Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңінің сюжетін сахналау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру.<br>Нан өнімі туралы балалардың білімдерін нақтылау, пысықтау; мәнерлеп сөйлеу, жеке тұлғалық қабілеттерін | мөлшері, түсі, сандық мәні, бейнелері);<br>-ақша не үшін қажет екенін түсіндіру — айырбастау құралы;<br>-ақшаға не сатып алуға болатынын және не сатып алуға болмайтынын талқылау (достық, денсаулық және т.б.) арқылы қалыптастыру қажет.<br>Балаларға ақшаны тек қана көрсетіп қоймай, оны ересектер еңбек етіп табатынын, сондықтан оның құнды екенін түсіндіру.<br>Ақшалардың суретін жапсыру,<br>монеталарды номиналы мен түсі бойынша іріктеуге арналған тапсырмалар беру.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойындары.<br>«Сөкыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау, қимылдарын үйлестіре білуді, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, зейін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | анықтап, сипаттама бере білуге ынталандыру.<br>Қаржылық сауаттылық.<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Аспазхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындардағы әдептілік, тамақтану әдебі ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайылық негізінде қарым-қатынастарды құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.<br>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері мамандықтары, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.<br>Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлерінің (аспаз, даяшы, кассир, гардероб | сөздік қорды байыту.<br>Құралдар.<br>Заттардың көрнекілік суреттері және олардың сөздеріне құрылған дыбыстық құрамының кестелері.<br>Ойынның екінші күрделенген нұсқасы.<br>Белгісіз сөздердің дыбыстық құрамдарының кестелері ұсынылады. Балалар кез келген кестеге қарап, сөздерді құрамына салып, педагог атаған дыбыстың орнын табады.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет)<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату, ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын, кеңістікті бағдарлау қасиеттерін дамыту; жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. "(шығармашылық, зерттеу, таным іс-әрекеттері)<br>Табиғи, дәннің түрлерінен, | жүргізуші сақинаны алып, әрбір баланың алақанына сақинаны салғандай қимылдар жасайды. Алақанында сақинасы бар бала, жүргізуші оны шақырған кезде, орнынан жылдам қозғалып, шеңбердің тысына шығып кетуі керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алуға тырысады.<br>(дене тәрбиесі)<br>Қаржылық сауаттылық.<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ыдыс-аяқ" дүкені. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. "Ыдыс-аяқ" дүкені, ыдыс-аяқты сатушы маманның қызметінің ерекшелігі жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту.<br>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалау. Балаларды ойын барысындағы диалогтарда «канша?», «барлығы канша?», «канша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге ынталандыру; 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту, шығармашылыққа, достыққа, нанды құрметтеу сезімне тәрбиелеу. https://bilimkids.kz/regime-process/955?l=24&l=35 | | қызметкері) кім үлгілері мен құралдары. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдалануы тиіс. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балаларды белсендіру ету үшін қосымша сұрақтар қойып жатады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдардың әдемі және дәмді тағамдардан ләм татулары үшін, аспазхана қызметкерлері көп еңбек етеді; "рақмет" және "өтінемін" сөздерін қолдану, үстел басында шуламау, тамақты дұрыс шайнау, құралдарды дұрыс пайдалану әр адамның қоғамдық жерлегі ережелерді орындаудағы негізгі міндеті болып саналады. | құрастыруға бауту. қағазда дайын боямақ сұлбасына дәндерді жапсыруға - бауту; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту; шыдамдылыққа, епті ліккс; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. | алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару; сатушы мамандығы, еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау; қоғамдық тәртіп ережелерне тәрбиелеу. Құралдар: Сөрелер, ойыншық ыдыс-аяқтар, ыдыстарды орауға қажетті қағаздар, қораптар, себеттер, сөмкелер, ойыншық смартфондар, төлем карточкалары, қаржат қағаздары. Қаржы және тауар алмасу нәтижесін, "пайда" ұғымын талқылауды ұсыну. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | "Мамандықты ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бидайды өсіру және одан нан өндірумен айналысатын мамандық түрлері туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорын кеңейту. | "Ұннан не жасалады?" дидактикалық ойыны, Мақсат-міндеттері. Танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту. Барысы: Балалар ұннан жасалатын тағамдарды ғана | Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Атам тал аралады, Асан көл жағалады, Асып ат тағалады. Шырағым шұбат ш, Шұбатты сұрап ш. | "Нан өнімдерін кім көбірек атайды?" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттері: Танымдық қызығушылықты, еске сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. | Санамақтар Бірім -бір, Екім - екі, Үшім - үш, Төртім - төрт, Бесім - бес, Алтым - алты, Ауыр балтам |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы<br>Педагог сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды (мысалы комбайнмен жұмыс істейді, ... комбайнер және тағы басқа.)<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | атайды<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | Шұбатты шпесең,<br>Бітпейді бұла күш.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Дидактикалық ойын «Шектес сандарды ата». (математика негіздері)<br>Мақсат-міндеттері: сандар қатары туралы түсініктерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту<br>**Ойын ережесі**: бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. | Барысы. Шеңберде тұрған балалар әртүрлі нан өнімдерін атайды: оқындай заттардың көпшілігін атаған жеңімпаз болады<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) | Қалды қалтам!<br>Қырқылдауық,<br>Қырма тауық!<br>Отпық-солпық,<br>Сен жүр, сен шық!<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке заттарын, шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу. зерттеуге, сыпайылыққа тәрбие беру | | | | |
| **Серуен** | Ауаны бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, күн, бұлт, тастар, жел, жаңбыр), балаларға ауаның қажеттілігі түсіндіру.<br>Көркемсөз<br>Жер шары дәу әсем<br>Қоршаулы ауамен | Күннің биіктігін кешкі уақытта бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Күн энергиясының өсімдіктер, жануарлар мен адамдардың тіршілігіне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.<br>Таңмен көпір ашады, | Құстарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Құстарға сүйіспеншілік пен мейірімділікті, оларға көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу; құстардың қоныс аудару себебін түсіндіру (қоныс аударатын, қыстайтын, көшпелі); құстарды басқа | Күзгі қайыңды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері Балалардың тірі табиғат туралы, туған өлкенің өсімдігі, қайың ағашы туралы білімдерін кеңейту; қайыңға тән белгілерді атауға ынталандыру; себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды. өсімдік | Өнегелі тәрбие. Қауіпсіздік. Жүргізушінің еңбегін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жүргізуші еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу.<br>Қауіпсіздік. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту.<br>Құйындатып келем мен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ауасыз кім шыдар<br>Ауасыз тұншығар<br>Жұмбақ<br>Оңынан оқы, тіршілік нәрі<br>Солынан оқы, тіршілік нәрі<br>Онсыз адам, ан, құс та семер<br>бір мезетте. (ауа)<br>Әңгімелесу. Ауаның қандай<br>қасиеттері бар? (түссіз,<br>мөлдір, иісті)<br>Педагог:<br>- Қалай ойлайсыңдар,<br>балалар, қай жердің ауасы<br>жақсы? Қай жердің ауасы<br>таза? Орманда ма, қалада<br>ма? (Орман ауасы таза ғана<br>емес, оның емдік қасиеті<br>бар. Қаланың ауасы мүлдем<br>басқаша: бензин мен<br>автомобильден шыққан<br>газдардың иісі шығады, шаң<br>мен күйе болшектерімен<br>ластанған. Мұндай ауа<br>адамға да, өсімдіктерге де<br>зиянды). Ойлап көріңдерші,<br>балалар, қаланың ауасы қай<br>кезде таза бола бастайды?<br>(Жаңбырдан немесе қалың<br>қар жауғаннан кейін,<br>жаңбыр тамшылары мен қар<br>ауаны жуады, шаң мен<br>күйені кетіреді). Адамдар<br>қала ауасын тазарту үшін не<br>істеп жатыр? (Адамдар<br>қалада ағаш отырғызады.<br>Терек ағашы ауаны жақсы<br>тазартады.)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек | Әлемге нұрын шашады<br>(Күн.)<br>Көркемсөз:<br>Кең аспан гой ай, күнің,<br>Қашаннан-ақ тұрағы<br>Кейде кіріп бөлмеге,<br>Ол ойнады айнада.<br>Шомылады көлге де,<br>Шуақ шашып қайда да.<br>Балалармен күннің<br>аспандағы күндізгі және<br>кешкі уақыттағы орналасқан<br>орындары туралы<br>әңгімелесу.<br>Түйсікке сүйеніп, қай<br>мезгілдегі күннің жылу күші<br>зор не аздау екенін талқылау,<br>себебін табуды ұсыну.<br>Күн жарығының тәулік<br>ұзақтығына әсерін түсінуге<br>көмектесу. Кешкі уақытта<br>күннің төмен болғанын,<br>температураның<br>төмендегенін байқату.<br>«Өнегелі тәрбие». Ересек<br>адамдармен бірге<br>орындалатын қарапайым<br>еңбек тапсырмалары: ауланы<br>бұтақтар мен тастардан<br>тазарту. (еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері: Бірлесіп<br>жұмыс істеуге, істелген<br>жұмыстан рақат алуды<br>үйретуді жалғастыру;<br>бастаған ісін аяғына дейін<br>жеткізуге, жауапкершілікке<br>баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі | жануарлардан ажыратуды<br>үйрету; балаларды қауырсын<br>құрылымымен және<br>олардың құстардың<br>тіршілігіндегі маңызымен<br>таныстыру.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Педагог:<br>- Құстар өте үркек (кез<br>келген нәрседен<br>шошынғыш, үріккіш),<br>сондықтан, біз өзімізді<br>тыныш ұстауымыз керек<br>және шуламай жүреміз.<br>- Құстарға қарай жүгіруге<br>болмайды, олардың<br>демалуына немесе<br>тамақтануына кедергі<br>жасайсыңдар.<br>- Құстарға тас атуға, таяқ<br>лақтыруға болмайды, олар<br>тірі, олардың денесі<br>ауырады.<br>Серуен аяқталғаннан кейін<br>балаларды өздерінің<br>бақылаулары туралы<br>әңгімелесуге шақыру.<br>Ерекше және қызықты<br>нәрсені байқаған балаларға<br>алғыс айту.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек:<br>қоқысты алаңнан жинау.<br>Мақсат-міндеттері:<br>Еңбексүйгіштікке, ұжымда<br>жұмыс істеуге ұмтылуға<br>тәрбиелеу.<br>"Қаршыға мен қарлығаш"<br>қимыл-қозғалыс ойыны. | жапырақтарының түсуін<br>түсіндіруге үйрету.<br>Қауіпсіздік. Экология<br>Бақылау барысында<br>қауіпсіздік ережелерін<br>сақтауға үйрету, қарапайым<br>экологиялық білімдерін<br>қалыптастыру, пайдасы<br>туралы әңгімелесу,<br>өсімдіктерге күтім жасауға<br>баулу.<br>Марфуға Айтқожина "Ақ<br>қайындар"<br>Ақ қайындар алқаптарды<br>алқымдап,<br>Кешкі арай жатыр шынды<br>алтындап.<br>Самал желмен желпінеді тау<br>тұтас,<br>Бой жазып бір таза ауада<br>салқындап.<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек<br>әрекеті: ағаштардан түскен<br>жапырақтарды үлеске<br>еленінен жинау.<br>Шамасы келетін, бірлескен<br>еңбек әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына дейін<br>жеткізуге, жауапкершілікке<br>баулу, жұмыс істеу<br>дағдыларын бекіту.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі<br>қауіпсіздік ережелерін<br>қайталау, қадағалау.<br>"Тым-тырақай" ойыны. (дене<br>тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Бінта мен<br>шығармашылық танытуға | Астым қанша беленнен<br>Үшқан құспен жарыса<br>Ұзап кеттім алысқа<br>Аскар шыңнан асамын,<br>Газды аяқпен басамын<br>Онға -солға бұрамын,<br>Қанбақтарды құламын<br>Мотор ұлып гүр-гүр<br>Жолбарыстай гүр-гүр<br>Дөңгелетім тыр-тыр,<br>Күннің көзі жұр-жұр<br>Бөтөргайлар шиық-шиық,<br>Биттідетем бип-бип<br>https://bilimkids.kz/kk/media/video-o-zh-rgizushi<br>Өнегелі тәрбие. Қауіпсіздік.<br>Еңбек әрекеті: Жерге түскен<br>ұсақ бұталарды жинап,<br>контейнерге салу.<br>Шамасы келетін, бірлескен<br>еңбек әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына дейін<br>жеткізуге, жауапкершілікке<br>баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі<br>қауіпсіздік ережелерін қайталау,<br>қадағалау.<br>"Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: Балаларды<br>ойынның шарты бойынша<br>ойнауға, керек, шапшаң болып,<br>қимылдарды үйлестіріп,<br>жылдамдықты дамытуға,<br>көңілдерін<br>бағдарлай білуге дағдыландыру,<br>достыққа тәрбиелеу.<br>Санамақ бойынша ойынды<br>бастайтын екі бала |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балалар алаңында жолдарды тегістеу.<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға және олардың тәрбиешілеріне көмек көрсету.<br>"Көрші ойыны" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Ойнаушылар екі екіден отырады да, бір ойыншы жалғыз қалдырылады. Ойын жүргізушінің мақсаты – көршісіз қалған ойыншыға көрші іздеу.<br>Ойын жүргізуші: «Саған кімнің көршісі керек?» деп сұрайды. Жалғыз ойыншы: «Маған Ақылбектің көршісі керек», деп жауап береді. «Көршіңмен аразбысың, әлде татумысың?» деп сұрайды. Егер ол араз болса, жалғыз ойыншыға көрші болады. Тату болса, тату болғаны үшін, (көршісін бермегені үшін) жаза тартады. Сынар ойыншының ұйғаруымен көпшілік алдында өнер көрсетеді. Ал сынар қалған ойыншы көрші іздейді.<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>"Кім қаншаны алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер: ой және | кауіпсіздік ережелерін қайталау, қадағалау.<br>"Құ түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.<br>"Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың секіру дағдысын, күш-жігерін, шыдамдылығын дамыту.<br>Алаңда бір аяғымен жүру дағдысын жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек).<br>"Допты бастаушыға" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауды үйрету, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>"Жаналақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.<br>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.<br>"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қашықтықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту.<br>Өзіндік еркін ойындар. (дене тәрбиесі, таным, шығармашылық, қарым-қатынастар іс-әрекеттері)<br>Мақсат-міндеттері. | отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру; ойын шартына сай ойнауды баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеністікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту.<br>Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.<br>Ал, көнеки, балалар,<br>Бір, екі, үш - деп, сандар!<br>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!<br>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.<br>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.<br>Ойын қайта басталады.<br>"Түстерді тап" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Педагогтің белгісі бойынша түстерді табу.<br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларды қазақ ұлттық | таңдалынады: бірі құғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әркайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұп құрайды. Құғыншы мен қашқын шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрі қарай қашуды жалғастырады.<br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге немесе бір орында қозғалмай тұруға дағдыландыру; қимылдарды үйлестіру, зерек болуға бейімдеу; әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы "жапалақ" тағайындалады.<br>"Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады.<br>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.<br>"Допты бастаушыға" қимыл- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сол қолымен 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықтан лақтыруды үйрету, белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту.<br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Еркін ойындар. | алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. | Балалардың дербес қимыл белсенділігін, ынта мен шығармашылықты арттыру; өзін-өзі құрметтеу, өз күш мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. | ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br>Мақсат-міндеттері Қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралпастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. (зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) | қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: допты лақтырып және екі қолымен қағып алуға жаттықтыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Еркін ойындар. |
| **Серуенмен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) | | | | |
| | Санамақтар айту жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту.<br>Қаскыр қақты қақпаны.<br>- Ашыңдар, тез! - айтқаны.<br>Сол-ақ екен лақтар,<br>Титтей-титтей шұнақтар<br>Жан-жағына жүгірді.<br>Жасырынып үлгерді.<br>Бірі - төсек астына,<br>Бірі - пештің қасына,<br>Бірі - сәкі астына,<br>Бір - астына кірует,<br>Бірі - тапқыр керемет,<br>Отыр бөшке түбінде. | "Қажетті киімді ал" ойын-жаттығуы.<br>(таным іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету.<br>Зейін, еске сақтау және логикалық ойлауды тәрбиелеу.<br>Ойын ережелері: қуыршаққа дұрыс киімді таңдау.<br>Ойын әрекеті: қуыршаққа қажетті киімді табу.<br>Дидактикалық материал.<br>Бала санына қарай қуыршақтар мен олардың киімдерінің пішіндері. Қысқы көріністің суреттері | Сәлемдесу жаттығуы<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін<br>Еркелеймін, еремін! | «Суреттерді орналастыр» ойыны<br>(танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері<br>Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту<br>Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер<br>Ойынның мазмұны<br>Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады | «Көзінді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қанша лақ бар бұл үйде? | Ойын барысы. Балалардың алдындағы үстелде қуыршақтар, олардың қысқы және жазғы киімдері бейнеленген. Педагог жазғы және қысқы көріністерді білдіретін суреттерді көрсетеді. Балалар қуыршақтарға жыл мезгіліне сәйкес киімді кигізу керек. | | | және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Ойынның мазмұны. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған жасырынған заттардың қасиеттерін, затқа қарамай, анықтауға мүмкіндік беру. |
| **Кестеге сәйкес ҮІӘ** | Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысын таныстыру". Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысымен таныстыру. Сөздегі дыбыстардың ретін, даусесіз дыбыстарды анықтау | Сауат ашу негіздері "[ш] дыбысын қайталау" Мақсат-міндеттері: [ш] дыбысын айтуды үйрету, сөз ішіндегі [ш] дыбысының ерекшелігін меңгерту. [ш] дыбысы арқылы | Математика негіздері "Жабайы аңдардың санын қалай санаймыз? (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында «жеті» саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны | Математика негіздері "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" Балалардың ұғымында «жеті» саны мен цифры туралы түсініктер қалыптастыру, оны тану, дұрыс атай білу | Сауат ашу негіздері Т, У, Ш дыбыстарын қайталау. Дыбыстық талдау. Мақсат-міндеттері Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау. сөздегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ тілі<br>Көлік түрлері<br>Қоғамдық көліктегі тәртіп ережесі.<br>Мақсат-міндеттері:<br>Балалардың көлік түрлері, олардың қозғалыс тәсілдері туралы білімдерін кеңейту; қоғамдық көліктегі ережелермен таныстыру; қала мен ауылдың көріністері, олардың айырмашылығын ажыратуды үйрету; «аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін ұшке (жер, әуе, су) | берілген сөздерді оқыту, жаздыру<br><br>Математика негіздері<br>"Жабайы аңдардың санын қалай санаймыз?"<br>Балалардың ұғымында жеті саны туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру. Жеті жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту; «6» мен «7» сандарының көрнекілік негізінде, заттарды бір-бірине беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу кабілетін дамыту; жабайы табиғат және ғарыш әлемі, кеністік ұғымдарын жетілдіру; | тану, атау білігін дамыту. "Жеті" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту, «алты» мен «жеті» сандарының көрнекілік негізінде, заттарды бір-біріне беттестіру және бір-бірінің тұсына қою тәсілдерінің пайда болуын көрсете білу кабілетін дамыту; «жеті ата» шежіресі туралы. Қазақстанды мекендейтін жабайы аңдар туралы түсініктерді бекіту, логикалық ойлауды дамыту; Отанға сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.<br><br>Қазақ тілі<br>Қ-Ғ дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын | іскерлігін жетілдіру. Жетіге дейін жылдам түрде тура және кері санауға жаттықтыру, көру, еске сақтау, ойлау кабілеттерін дамыту, тіршілік иелеріне камкорлық танытуға, мейірімділікке, ізденімпаздыкка тәрбиелеу.<br><br>Тіл дамыту<br>"Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау<br>Мақсат-міндеттері:<br>Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау<br><br>Музыка<br>"Ертегілер әлемі".<br>Мақсат-міндеттері:<br>Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру, ән айту кезінде | дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br><br>Мүсіндеу<br>"Күзгі саябақ"<br>Мақсат-міндеттері:<br>Балалардың күз туралы білімдерін ашa отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру; мүсіндеу техникаларын жетілдіру<br><br>Дене тәрбиесі<br>"Мергендікті шыңдайық"<br>Мақсат-міндеттері:<br>Балаларға он және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (аракашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету.<br><br>Көркем әдебиет<br>«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі.<br>Халық ертегілеріне |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жіктеуді үйрету. ұқыптылыққа, сыпайылыққа, карттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.<br><br>Дене тәрбиесі<br>"Мен епті баламын" пысықтау.<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м аракашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыруды үйретуді пысықтау.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Үшақ туралы әңгімелер".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік | логикалық ойлау қабілетін дамыту, табандылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>Музыка<br>"Музыкалық сағат".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.<br>Тіл дамыту<br>"Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі".<br>Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. | табу) мен әріптерді (атау, жазу негіздері)<br>Мақсат-міндеттері<br>Балаларды [-к], [-г] дыбыстары және К к, Г г әріптерімен таныстыру. К к, Г г әріптерін ауада жазып көрсету; [-к], [-г] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-к], [-г] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-г] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем | эндік эмоционалды қабылдауды үйрету.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Қазақстан табиғатын қорғайық".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстандағы жануарлар әлемі жөнінде білімдерін тиянақтау; еліміздегі және өзге жерлерде мекен еткен жануарлардың тіршілік ерекшеліктері жыл мезгілдерінде құбылыстарға байланысты екенін түсіндіру; Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар туралы түсініктерді қалыптастыру. | қызығушылығын арттыру. Ертегінің түсінің тындауды үйрету. Ертегі мен әңгімені ажыратуды түсіндіру. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ертегі арқылы достыққа, алалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлерінің қызметі туралы білімдерін тиянақтау, алғашқы ұшақ қалай пайда болғаны жайлы тарихтан білім беру арқылы балалардың өнертапқыштық қасиеттеріне жол ашу, ойын ойнату арқылы көліктің түрлерін тануды бекіту. | | құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту<br>Дене тәрбиесі<br>"5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқты лақтыру"<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға 5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыруды үйрету.<br>Көркем әдебиет<br>"Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» әңгімесін оқу"<br>Балаларды Ахмет Байтұрсынұлының «Жыланның басы мен құйрығы» атты шығармасымен таныстыру, мағынасы ұқсас және мәні қарама-қарсы сөздердің | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мағынасын түсіндіру оларды сөйлеуде қолдануға машықтандыру. әңгіменің негізгі идеясын түсінуге, қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі араздық пен татулық, бірлік туралы ұғымдарды түсінуді үйрету; өз ойларын ерікті жеткізуге, ойды дәлелдей алу біліктерін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру. ұйымшыл болуға тәрбиелеу. кітапқа құштарлықтарын қолдау | | |
| **2-ші таңғы ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар. қарым-қатынас іс-әрекеті. дербес әрекет)<br>Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. ас болсын!" | | | | |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет. қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Серуендеуге дайындық<br>1. Алдағы іс-шараға арналған ереже: шығу алдында топты ретке келтіру, киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстау ережелерін | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кайталау<br>2. Киімді киіндіру алгоритмін қайталау.<br>3. Әр түрлі ауа райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде жүру ережелеріне баса назар аудару. Тәрбиеші көшедегі жағдайды өзі таңдайды.<br>4. Балалар өздері киінеді. Тәрбиешінің немесе басқа баланың көмектесуіне болады.<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сынпайлылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | Күзгі ауа райын бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. күз мезгіліндегі тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Өсімдіктер тіршілігінің маусымдық | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Қарғаны бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. Қарға туралы білімдерін толықтыру; құстардың өміріне | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Итті бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. Халық ауыз әдебиеті | «Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Сауысқанды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сауысқан туралы білімдерін толықтыру. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету. | Қайын мен шетенді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері Балалардың тірі табиғат түрі, қайын, шетен ағаштары, туралы білімдерін тиянақтау, суық түскен кезендегі ағаштарға тән белгілерді атауға, сыртқы түріне (ұқсастықтары мен айырмашылықтары) салыстырмалы талдау жүргізуді үйрету. Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өнерістері туралы<br>білімдерін бекіту<br>Балалардың зерттеу<br>әрекеті үшін жағдай<br>жасау, табиғатпен<br>таныстыру<br>барысында заттар мен<br>құбылыстардың өзіне<br>тән, сипаттамалық<br>белгілерін бақылау,<br>талдау, салыстыру,<br>ажырату.<br>Балаларға жан-<br>жағына қарап,<br>айналаны бақылап,<br>күздегі және бүгінгі<br>ауа райының күйі<br>туралы айтуды ұсыну.<br>Күз — Қалкаман<br>Сарин<br>Күңіренген, күрсінген<br>күздің ауыр.<br>Мінезіне үйренген<br>біздің ауыл.<br>Бұйра шашын көтеріп<br>қырат-қырдың.<br>Берекесін бір сәтте<br>бұзды дауыл. | қызығушылықтарын<br>арттыру<br>Қарға<br>Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br>Боран соқса, қор болар,<br>Бұтаға келіп қорғалар.<br>Қысың кетсе сары ауз,<br>Көзден жасы сорғалар.<br>Қар үстінде жем көрсе,<br>Қапелімде қолға алар.<br>Екі шоқып бір қарар,<br>Деп «жолымды<br>аңғарар».<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Ересек<br>адамдармен бірге<br>орындалатын<br>қарапайым еңбек<br>тапсырмалары<br>(қоқыстарды жинау).<br>(танымдық іс-әрекет,<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға, | үлгілермен<br>таныстырып, мән<br>мағынасын түсінуге,<br>есте сақтауға, сөйлеуде<br>қолдануға көмектесу<br>Балалар иттің сыртқы<br>ерекшеліктерін,<br>қимылдарын байқап,<br>айтып болған соң, адам<br>итті не себептен<br>асырайтынын сұрау;<br>итке қамқорлық<br>жасағанда белгілі<br>тәртіпке бағыну<br>ережелерін талқылау,<br>жауапкершілік туралы<br>ескерту. Халық аузында<br>ит туралы айтылатын<br>мақал-мәтелдермен<br>танысу, мағынасын<br>түсіну.<br>Иттің құны – бір күшік.<br>Итің жамандасаң,<br>Иесіне тиеді.<br>Иттің жатқан жері –<br>төсегі.<br>Ит арық болса<br>Ауылдың намысы. | Тұманбай Молдағалиев<br>"Құстар" (үзінді)<br>Алманы қарға шоқиды<br>Көкқұтан кітап оқиды<br>Ұшып кеп ағаш басына,<br>Ала сауысқан қоқиды<br>Кенесжан Шалқарұлы<br>"Сауысқан"<br>Ала қанат сауысқан,<br>Қырда ұшқан,<br>Тауда ұшқан.<br>Шықылықтап жүріп<br>бұл,<br>Жер сырына қаныққан<br>Ұстап алың шартымен,<br>Бақыласаң әр күн сен,<br>Саған пайда береді,<br>Қоректенің алтынмен<br>Сөйтіп, әлгі қанатты,<br>Алтын кенін табады<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Ересек<br>адамдармен бірге<br>орындалатын<br>қарапайым еңбек<br>тапсырмалары<br>(ауладағы тастарды | түсінуге көмектесу<br>жіктелуі туралы<br>түсініктерді кеңейту<br>Қауіпсіздік. Экология<br>Бақылау барысында<br>қауіпсіздік ережелерін<br>сақтауға үйрету<br>Қоршаған ортада және<br>табиғатта қарапайым<br>тәртіп ережелерін<br>сақтау, адам, құстарға<br>пайдалары туралы<br>қарапайым экологиялық<br>білімдерін<br>қалыптастыру,<br>өсімдіктерге күтім<br>жасауға баулу.<br>Марфуға Айтқожина<br>"Ақ қайыңдар"<br>Ақ қайыңдар<br>алқаптарды алқымдап,<br>Кешкі арай жатыр<br>шыңды алтындап<br>Самал желмен желпінеді<br>тау тұтас.<br>Бой жазып бір таза ауада<br>салқындап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | * * *<br>Жер тәуелді күн-<br>патшайымына.<br>Адам, ан, құс қуанады<br>күннің әрдайымына.<br>Жер бетіндегі<br>тіршілік мәңгі<br>байланысты<br>Оттай күннің әсерлі<br>салмағына.<br>Жасасын күннің<br>ғажайып жарығы!<br>Жасасын Күн мен<br>Жердің мәңгі<br>татулығы!<br>(Д.Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие».<br>«Қауіпсіздік». Еңбек<br>тапсырмалары: үлеске<br>еленіне түскен ұсақ<br>көкыстарын жинау.<br>(танымдық іс-әрекет,<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға, | бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу<br>Тазалық пен тәртіпке<br>дағдыландыру.<br><br>"Жапалақ" қимыл-<br>қозғалыс ойыны.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Таныс ойындарды<br>ұйымдастыруда<br>бастамашылдық,<br>дербестік танытуға<br>баулу. Балаларды ойын<br>шартына сай<br>қимылдауға, жалтарып<br>жылдам жүгіруге<br>немесе бір орында<br>қозғалмай тұруға<br>дағдыландыру;<br>қимылдарды үйлестіру,<br>зерек болуға бейімдеу;<br>әділ ойнауға тәрбиелеу.<br>Санамақ арқылы<br>"жапалақ"<br>тағайындалады. | «Өнегелі тәрбие»<br>«Қауіпсіздік». Ересек<br>адамдармен бірге<br>орындалатын<br>қарапайым еңбек<br>тапсырмалары: аумақты<br>ұсақ тастардан және<br>құрғақ бұтақтардан<br>тазарту.<br>(танымдық іс-әрекет,<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу.<br>Ұжымдық жұмысқа<br>ынталандыру.<br><br>"Мысық пен тышқан"<br>қимыл-қозғалыс ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Таныс ойындарды | жинау)<br>(танымдық іс-әрекет<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу.<br>Ауладағы тазалықты<br>байқау қабілетін<br>қалыптастыру<br><br>"Бұғы аулаушылар"<br>қимыл-қозғалыс ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері<br>Таныс ойындарды<br>ұйымдастыруда<br>бастамашылдық,<br>дербестік танытуға<br>баулу. Ойындарда<br>физикалық қасиеттерді<br>(жылдамдық, күш,<br>шыдамдылық,<br>икемдлік, ептілік) | «Өнегелі тәрбие»<br>«Қауіпсіздік». Ересек<br>адамдармен бірге<br>орындалатын қарапайым<br>еңбек тапсырмалары<br>(көкыстарды жинау)<br>(танымдық іс-әрекет,<br>еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы келетін,<br>бірлескен еңбек<br>әрекетіне қатысуға,<br>бастаған ісін аяғына<br>дейін жеткізуге,<br>дербестік пен<br>жауапкершілікке баулу<br>Еңбексүйгіштікке<br>тәрбиелеу.<br><br>"Күу түлкі" қимыл-<br>қозғалыс ойыны<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері<br>Таныс ойындарды<br>ұйымдастыруда<br>бастамашылдық,<br>дербестік танытуға<br>баулу. Ойында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастаған ісін аяғына лейін жеткізуге, лербестік пен жауапкершілікке баулу.<br><br>"Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. | "Жапалақтар" өз "ұяларында" жасырынып тұрады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" рөлдерін сомдайды, ойынның басында белгілі жерде жасырынып отырады.<br><br>"Лақтыру - ұстау" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу кабілеттерін жетілдіру; доптармен ойындарда балалардың белсенділігін, лербестігін дамыту.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы. | ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" санамақ арқылы тағайындайды. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, | дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету. Балаларды ойынның шарты бойынша әртүрлі бағытта жаттарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру, дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғыларды" сомдайды, "бұғы аулаушылар" рөліне санамақ арқылы бір-екі бала тағайындалады. Белгі бойынша "бұғылар" алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды, | физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық, икемділік) дамыту. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білуі "Мен - түлкі" белгісі бойынша қолға түспей жаттарып, жылдам жүгіре білу кабілеттерін жетілдіру, қимылдарды үйлестіруге, ептілікке, жігерлікке тәрбиелеу.<br><br>«Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын шартын бұзбай (допсіз) ойнауға, жетекші рөлді орындауға, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу дағдыландыру, мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұйымшылдыққа, тәртіпке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды дұрыс қозғалып тұрған нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту.<br><br>"Бос орын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Жан-жаққа аттап секіру, жылдам жүгіру қимылдарын жетілдіру; ойын ережесіне ойнай білуді, шапшаңдықты, жылдамдықты, ептілікті дамыту.<br><br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: аяқтың ұшымен жүру.<br>Мақсат-міндеттері. Қол мен аяқтың үйлесімді қимылдап жүру қабілетін бекіту. | шеңбер бойымен жүріп мына сөздерді айтады<br>– Мысығымыз момақан,<br>Жүреді аулада андамай<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br><br>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру. Балалардың секіретін жолының бойына әркалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді). Күрделену: | жеңімпазды анықтайды.<br><br>"Құып жет" қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойында физикалық қасиеттерді (жылдамдық, шыдамдылық) дамыту, жүгіру дағдыларын жетілдіру, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.<br><br>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».<br>Қазақ халқының ұлттық ойыны «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу | жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала «аңшы» болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар – «қояндарды» сомдайды.<br><br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>(дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту, дене тепе-теңдігін, күш-жігерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері:<br>Балаларды бір бағытта екі аяқпен жылжып, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіруге дағдыландыру.<br>Балалардың секіретін жолының бойына әркалай орналасқан шақпақтар немесе шеңберлер салынады (немесе шеңберлер төселінеді).<br>Күрделенуі: сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:<br>"Жалаушаға тезірек жет".<br>Мақсат-міндеттері:<br>Шеңбер бойымен сап | | сызықтардан уақытқа жылдам секіруге шақыру.<br><br>Қимыл-қозғалыс ойындары.<br>"Лақтыр да, ұстап ал".<br>Мақсат-міндеттері:<br>Допты екі қолмен ұстап алу және лақтыру іскерліктерін жетілдіру.<br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:<br>қозғалыстарды дамыту, екі зат арқылы секіру дағдыларын бекіту. | дағдыларын дамыту, күшік, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру, ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Себетке дәл түсір".<br>Мақсат-міндеттері:<br>Дәлдікті, көзбен мөлшерлеуді дамыту. | жетілдіру.<br><br>Өзіндік еркін ойын әрекеттері:<br>қозғалыстарды дамыту, қозғалыстарды дамыту.<br>Мақсат-міндеттері:<br>Жүгіру техникасын жетілдіру, жеңіл, жігерлі қимылдарды қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіп болу, еңбектеу жаттығулары | | | | |
| **Серуеннен оралу** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Жеңді тұру, қолды сабындау, суды шашыратпау, тазарғанша жуу дағдысын дамыту<br>Айнаға қарану, үсті-басын ретке келтіру, шашын тарау, ас ішуге дайындалуға тәрбиелеу | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Көркем сөз<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі. | Салт-дәстүр. Ауыз тию. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Бір үйге дәм үстіне келген адамға дәмнен ауыз тигізеді. Бұл ежелден қалыптасқан салт. | Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Көркемсөз<br>Су деген — өмір көзі,<br>Тіршіліктің нәрі бұл.<br>Су болмаса оянбайды, | Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Көркемсөз<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, таласың. | Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Бата беру<br>Сұрасаң бата берейін,<br>Үстем болсын мерейің.<br>Ықыласпен қол жайсаң,<br>Көп тілекті төгейін. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Шөлдесең - қанасың<br>Жуынсаң, тазасың | | Табиғаттан барлығы<br>Таза болсаң, сұлай бол<br>Бәрін жуып кетіреді<br>Жаксы болсаң жердей бол.<br>Бәрімізді өсіреді | | Достарханың мол болсын.<br>Айым қайғы жоқ болсын<br>Сұраған алдыңнан<br>Үзбейтін көп болсын<br>Сұмин. |
| **Күндізгі ұйқы** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары.<br><br>«Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру.<br>«Айдаһардың апаны» ертегісін тыңдату.<br>(BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br>https://bilimkids.kz/media/video/ai-dahardy-apany<br>(көркем әдебиет) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйретуді жалғастыру.<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету.<br>Аудио К. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба»<br>(музыка) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау (музыка) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастылы)<br>Аяқ массажы.<br>Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету.<br>Резенке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі)<br>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу, өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтына деген қажеттілікті қалыптастыру, дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су сияқты факторлар туралы түсініктерді кеңейту. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сауықтыру-шынықтыру шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Дене бітімін қалыптастыру және өмірлерді нығайту. "Сауықтыру жолағымен жүру". | | | | |
| **Бесін ас** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті, дербес іс-әрекет)<br>Алдына қойған аска назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жекелара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжеттірөлдік, үстел үстібасна және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануды, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақалмәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ойөрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; өршіл көзқарас (оптимизм) сезіміне, достыққа тәрбиелеу. | Мүсіндеуден ойынжаттығу "Күзгі саябақ".<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың күз туралы білімдерін ашa отырып, күзгі бақтың әсемдігін, көріктілігін түсіндіру.<br><br>Дидактикалық ойын. "Не артық?" (танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдерін бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. | Дидактикалық ойын. "Аласкан сандар". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған саннын көршілерін немесе тізбектегі кез келген саннын арысында жасырынған санды тауып атауда жаттықтыру; зейін, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>«Экологиялық тәрбие», | Дидактикалық ойын. "Не, қайда мекендейді?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарларының қайда мекендейтіні туралы балалардың білімдерін тиянақтау; сөздік қорын байыту, есте сақтау, ойлау, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін, дүниетанымын кенейту. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.<br>Құралдар. Жабайы аңдар, құстар, үй жануарлары және | Дамытушы жаттығу. "Шапшаңдар сайысы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, жұмбақ шешу.<br>Балалардың құстар жайындағы білімдерін тиянақтау; ой шапшаңдығын, елестету, сөйлеу қабілеттерін дамыту; зеректікке, білгірлікке тәрбиелеу.<br>Құралдар: құстардың суреттері.<br>Шарты. Жұмбақты шешкен балалар өздері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құралдар<br>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер.<br>Ойынның нұсқалары көп.<br>Мақал-мәтелдерге мысалдар.<br>1. Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады.<br>2. Бітер істің басына, Жақсы келсін қасына.<br>3. Жақсының қалірін жақсы білер.<br>4. Жақсы қыз – жағалағы құндыз, Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.<br>Балалар өз мысалдарын айтуы мүмкін: "Жаяу жүріп, жұмыстан қалғанша, көп адаммен автобуска толып, уақытында келу | Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың заттық сурет-карточкалары.<br>Шарты. Жүргізуші бір топтамаға және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек.<br>Заттардың жалпы саны төртеу болады.<br><br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Кітапхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашының қызметін анықтау, тәртіптілікке, ұғымталдыққа. | «Қаржылық сауаттылық».<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбеккорлыққа, жан-жануарларға аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу<br>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; ойын | ойлар мекендейтін орындар салынған суреттер<br>Ойынның бірнеше нұсқасы бар.<br>1-нұска.<br>Тек бір суретке қарап, жануарды және оның мекен ету ортасын табу.<br>Жануарды және оның мекен ету ортасын білдіретін жұлтарды құрастыру.<br>2-нұска.<br>Өздік ойын түрінде өткізу.<br>Жануардың мекен ету ортасының атауын естіп, жануардың қалай аталатынын айту.<br>Жануардың дауысын естіп, мекендейтін орнын атау.<br>Балаларды өз ойларын түсіндіруге талпындыру қажет<br><br>Tigtag Junior. "Аңдар | атауын тапқан құс туралы не білетінін баяндайды.<br><br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында.<br>Там тұр саялы.<br>Достарға аялы. (Құс ұясы.)<br><br>Сирағы ұзын,<br>Тырнағы ұзын.<br>Балықты сүзбей,<br>Ұстайтын шоқып,<br>Тұмсығы біздей.<br>(Тырна.)<br><br>Екі айыр құйрығы,<br>Қияқ мұрт қанаты,<br>Ұшқырлардың жүйрігі.<br>(Қарлығаш.)<br><br>Тақылдатып,<br>Мазаны ап.<br>Ағаштарды тазалап,<br>Ормандарды емдейді.<br>Зиянкесті жазалап.<br>(Тоқылдақ.) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | артық. "Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң, ауырмайсың". "Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".<br><br>«Экологиялық тәрбие».<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Табиғи қорық". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларға табиғи қорық, "Қызыл кітап" туралы түсініктер беру; қорықта қызмет атқаратын орманшы, аңшы, аңшы кәсіпті, ветеринар дәрігері туралы ұғымдарын | тәуелділікке тәрбиелеу Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>Құралдар.<br>Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар; оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар.<br>Шарты.<br>Педагог балалармен бірлесіп, дайындық жұмыстары ретінде кітапхана жұмысы, кітапханашы қызметінің мәні неде екенін суреттер бойынша әңгімелейді, үлкен кітапханалар жайында | шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту, ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру.<br>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.<br>Құралдар.<br>Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар: ақ халаттар, қолғап (перчаткалар); емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.<br><br>"Менің көңіл-күйім қандай?" жаттығуы (қарым-қатынас, | тобы".<br>(танымдық іс-әрекеті зерттеу іс-әрекеті)<br>https://bilimkids.kz/media/video/andar-toby<br><br>«Экологиялық тәрбие». «Қаржылық сауаттылық»<br>Сюжетті-рөлдік ойын. "Зоопак" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігіндегі зоопак, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту, зоопакта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер | Жем көрсе<br>Шықылықтап<br>қалтандайды.<br>Сескенсе,<br>Жыпылықтап<br>жалтаңдайды<br>(Сауысқан )<br><br>Қара түсті қаркылдақ,<br>Үшып-қонып<br>жалпылдап<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап.<br>(Қарға )<br>Педагог балалардың ережені ұстанудағы әрекеттерін қолдайды.<br><br>Театрландырылған ойылым "Шегіртке мен құмырсқа" мысалы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ныгайту; орман мамандарының орманды, жан-жануарларды қорғаудағы атқаратын рөлі неде екенін анықтау; еңбеккорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен камкорлыққа тәрбиелеу. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, козғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қыска бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Коршаған ортала және табиғатта карапайым тәртіп ережелерін сақтау, карапайым экологиялық білімдерін калыптастыру. Құралдар. Табиғи қорықтың | бейнежазбаларды, фотосуреттерді тамашалайды. Балалар кітапханашы жұмысын калай аткарып (окырманнан берілген кітап үшін карточканы алу, толтыру), қандай құралдарды колданатыны, окырманның міндеті мен құқысын қалай іске косуға болатынын біліп алуы тиіс. Балалардың арасынан кітапханашылар өз қалауларына карай таңдалады немесе санамак колданылады. Алғашында, педагог ойын барысын өзі сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға косымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал | эрттеу іс-әрекеті Балалардың өз көңіл-күйлерін сипаттай білу қабілетін дамыту; салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру; эмпатиялық қасиеттерді дамыту, салауатты карым-қатынастар ортасын құру. Балалардың көңіл күйін құрдастары арасына келген кезде сұрату. Жаттығудың тағы бір нұсқасы. Белгілі мультфильмнің (шығарманың) желісін, көргеннен (оқылғаннан) кейін алған әсерлерін талқылау. | маманың күтуін жөнінде ұғымдарын ныгайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екенін анықтау, еңбеккорлыққа, жан-жануарларға жанашырлық пен камкорлыққа тәрбиелеу Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, козғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қыска бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Қаржылық сауаттылық негіздерін калыптастыру; ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", карапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту, ойындағы мамандықтар туралы түсініктер калыптастыру. Құралдар. | Әлемнің бауту кітапка деген қызығушылығын дамыту Сахналық қойылымдарға қатысуға, ертегілер бойынша карапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) колдануға ынталандыру Балалардың естеринде мысалдың желісін жаңғырту, есте сақтау, ой-киялдың, эмоциялық, пантомимикалық, катынастық қабілеттерін дамыту Құралдар. "Шегіртке мен құмырска" мысалы қойылымына катысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, күрек пен сыпырғыш. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлеріне кажет заттар мен құралдар, алғашқы медициналық көмек көбдішасы, сөмкелер, ойыншық жануарлар және құстар, орман, бұлақ, жасанды таулардың үлгілері..<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбау керек, оны қалағалап, көмек беріп, қорғану керек. | ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ереже - тыныштық сақтау, қатты сөйлемеу; тағы бір ереже - кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін кітапханаға қайтару. | | Жәйлак қызметкерлеріне кажет заттар мен құралдар алғашқы медициналық көмек көбдішасы, ойыншық жануарлар және құстар, ойыншықтарға тор пішіндері.<br>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу кажеттілігі туралы айту | |
| **Балаларме и жеке жұмыс** | Үстел үсті ойындары. "Бұл кай кезде болады?" (карым-катынас іс-әрекеті, танымдық іс- | Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. (карым-катынас іс-әрекеті)<br>Төлеу Шахановтың | «Суреттерді орналастыр» ойын-жаттығуы. (танымдық іс-әрекет, карым-катынас іс- | Көркемсөзді мәнерлеп оқу (карым-катынас іс-әрекеті)<br>Д Ахметова "Кірпіжан" | Көркемсөзді мәнерлеп оқу (карым-катынас іс-әрекеті)<br>Тыңдалған шығарманың |

| | әрекеті<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту; үйлесімді сөйлеуді, зейінді, тапқырлықты, шыдамдылықты дамыту.<br><br>«Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).<br>Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы | тақпақтары<br>Таңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу.<br>"Тиін"<br>"Аңдып тұрған жау жоқ па?"-<br>Деп, қарайды ол жан-жаққа.<br>Шыбын жаны тәтті ғой,<br>Тәтті-ау бірақ жаңғақ та.<br><br>"Бақа"<br>Келсем көлге жақындап,<br>Жағын тыңбас бақылдап.<br>Ауырмай ма таңдайын,<br>Күні бойы тақылдап? | әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері:<br>Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға лағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер.<br>Ойынның мазмұны.<br>Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға, олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады. | Таңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>- Кірпіжан, кірпіжан,<br>Қайда жортып барасың?<br>Орманнан, орманнан<br>Нені іздеп аларсың?<br><br>- Жолым көп, жолым көп,<br>Қоректі іздеймін.<br>Қорек көп, қорек көп<br>Тауып алып жеймін. | мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.<br>Жүсіп Қыдыров<br>"Қасқыр".<br>Көрдіңіз бе, әне, аға,<br>Атам қуған арланды'<br>Түнде шауып қораға<br>Дүркіреткен бар малды.<br><br>Қолға түсіп қалыпты,<br>Сыбағасын алыпты.<br><br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». "Мен құмануға да, сенбеуге де құқылымын" ой жинақтау сәті.<br>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балалардың өз өмірлерінің қауіпсіздігін |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстың сөздегі орнын табу керек. Құрал-жабдықтар. Дыбыстық сурет-карточкалар. | | | | сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу); қарапайым оқиғалар, шығарма кейіпкерлерінің әрекеттері мысалдарында жеке қауіпсіздігінің маңызды екендігіне көз жеткізу, талқылау; көз пікірін білдіруге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер: шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қалағалау.<br>«Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сынайылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Серуен** | «Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс- | «Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- | «Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Көгершіндерді бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- | «Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Торғайдың суық мезгілдегі тіршілігін бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс- | «Қауіпсіздік». Мысықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>"Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету.<br>Күннің көзіне тура карамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту,<br>фотопленканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.<br>Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн ерте бататынын | әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету.<br>Балалардың құстардың сырткы түр-түсі, тіршілік етуі, мінез-құлық ерекшеліктері және оларды қоршаған ортаға бейімделуі туралы білімдерін кенейту.<br>- Құстар не жегенді ұнатады?<br>- Қоректі қайдан табады?<br>- Құстар туралы не білетінімізді еске түсірейік?<br>Тапсырма: құстарды | әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Көгершіннің сырткы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, пайдасын білуге ынталандыру, адамның оларға қалай қамқор болатынын, жабайы көгершіндердің «Қызыл кітапқа» не үшін енгізілгенін нақтылау.<br>"Көгершін".<br>Көк көгершін, көгершін,<br>Көгершін келер жем үшін,<br>Балалар жем себелік.<br>Жем жесін де семірсін.<br>Сөйтіп, колға үйренсін.<br>Бұл есті құс тіл алғыш | әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері<br>Қыстайтын құстарды ажырата білуді дамыту, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Торғай туралы білімдерін бекітуді жалғастыру; құстардың мекендеу орны (бақша, бақ), қозғалу тәсілі туралы бекіту. Құстарды әртүрлі белгілері бойынша ажыратуға, топтастыруға үйрету.<br>Жақан Смаков "Торғай ағаш қорғайды"<br>Шыр-шыр еткен торғайды<br>Қорғамасан, болмайды.<br>Кіп-кішкентай торғайлар<br>Ағаштарды қорғайды. | мысықтың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату; жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді); коректенеді (етпен); қоршаған ортаны көз, мұрын, құлақ көмегімен сезе білетінін анықтау; сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру, есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; қамқорлыкка тәрбиелеу.<br>Жануарларды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды түсіндіру.<br>Көркем сөз. "Мысық". Б. Сокпакбаев<br>Үстінде үйдің<br>Тұр екі мысық.<br>Қасына келді<br>Бір торғай ұшып,<br>бассалмақ болып. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байқату.<br>Аспан көгін бауран алып, жайғасқан.<br>Таңнан бері біздің ойға ұласқан.<br>Күн қарайды оттай жылы жүзімен.<br>Күн сайын ол қоштасады құлыммен.<br><br>Түн кезегін күмәнданбай береді.<br>Таң атқанша жауап сұрап келеді.<br>– Сағындың ба, адам, күтіп бүгінді?<br>Жарығын боп мен бастайын күнімді. (Д. Ахметова)<br><br>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды белгілі бір жерге (контейнерге) жинау (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) | бақылау. Білу керек: күзде құстар не жейді, қалдан керекті қайдан табады.<br>- Балалар, тапсырма түсінікті ме?<br>- Құстарды бақылау ережесін еске түсірейік.<br>Құстарды бақылау ережесі.<br>Құстар өте ұрлек.<br>Құстардың қасында тыныштық сақтап, шуламай жүру керек.<br>Құстарға қарай жүгіруге болмайды, олардың демалуына немесе коректенуіне кедергі жасайсыңдар.<br>Құстарға тас атуға немесе таяқ лақтыруға болмайды. Құстар тірі, олардың да денесі ауырады.<br>Қорытынды: қалада тіршілік ететін құстар әртүрлі көрек жейді, құстар жәндіктерді | Үйренген соң көрерсің.<br><br>«Өнегелі тәрбие» «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жас ағаштардың тамырларын кармен қымтап жабу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қоршаған ортаны қорғауға ынталандыру.<br><br>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) | Таспен атып торғайды.<br>Ұя бұзған онбайды<br>Құс өкпелеп кетеді.<br>Бақшамызға конбайды<br><br>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек тапсырмалары: саматжайды тазалау, ұсақ көкысты (контейнерге) жинау. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Тазалық пен тәртіпке лағдыландыру; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, жауапкершілікке баулу.<br>Қауіпсіздік. Еңбектегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, қалағалау.<br><br>«Аңшылар мен қояндар» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттер | Ырғыды мысық<br>Жатт берді торғай.<br>Пыр етіп ұшып<br>Биіктен жерге<br>Топ ете түсіп.<br>Мысықтың қалды<br>Жамбасы ісіп.<br><br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шенбер бойымен, түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшан және баяу қарқынмен жүгіре білуді жетілдіру.<br>Балаларды ойын шартына сай әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
